

1 лекция

Көркем текстті лингвистикалық тұрғыдан талдау бірнеше міндеттері мен принциптері.

Сабақтың жоспары;

- 1.Көркем туынды туралы сөз
- 2.Көркем текстті тілдік талдау
- 3.Лингвистикалық талдаудың міндеттері мен принциптері

Тірек ұғымдар;

Көркем текст, лингвистикалық талдау, тілдік талдау, көркем шығарма тілі, стилистикалық талдау, тілдік тұлғалардың көркем текстте қолданылуы.

Пайдалы әдебиеттер;

- 1.Сыздықова Р. Б.Шалабаев «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау».А, «Мектеп» 1990ж
- 2.Шалабаев.Б «Көркем шығарма тілі және оны мектепте оқыту». А, 1988ж
- 3.Қ.Мұқаметқанов. «Семсер жырға сергек қарайық». «Қазақ әдебиеті» газеті, 16 май 1986ж
- 4.Өмірәлиев.Қ. «Қазақ поэзиясының жанры мен стилі» А,1993ж
- 5.Негимов.С. «Өлең өмірі» А, 1990ж

1. Лингвистикалық және стилистикалық талдаулар көркем шығарманы түсініп оқудың жоғары мәдениетін қалыптастырады. Көркем туындыны ой мен сезім арқылы белсенді қабылдауға, оқырманды суреткермен бірге толғанып, көркем образды бірге сомдауға баулиды. Сонымен қатар оқушының жалпы тілдік мәдениетін көтереді, тілдік құбылыстарға сергектігін артырады. Көркем шығарманы өнер туындысы ретінде қабылдап, эстетикалық сезім – талғамының ұшталуына жәрдем деседі.

2. Әдеби туындының идеялық – көркемдік болмысын шынайы терең түсінуге “бірінші элементін” - тілін талдау ғана қол жетті. Көркем текст құрамында жүзеге асатын олардың мән – мағыналарының көлемі, беретін хабар – информациясының аумағы әдеттегіден әлде қайда кең болады. Тілдік талдау осы қосымша мағына - информациялардың сырын ашуға құрылады. Н. М. Шанскийдың сөзімен айтқанда тілдік талдау “былай бөлшіп қарағанда жай, қатардағы ,өте қарапайым сөздермен тіркестердің поэтикалық сықырлығын бағалауға олардың эстетикалық әсерінің күшін ғана емес, миханизмін сезінуге ” мүмкіндік береді.

3. Көркем шығарма тілі әдеби тіл фактісі болғандықтан , әдеби тілде болып жатқан барлық өзгерістерді өз бойында қамтып отырады. Көркем тексттегі сөздер, тіркестер басқа да тілдік тұлғалар категориялар қазіргі әдеби

тілде жоқ, күні өткен ескі не әлі толық ене қоймаған жаңа құбылыс болуы мүмкін. Жоғарыда айтылғандардан жинақталатын тағы бір түйін; тексті талдаудың бұлжымас шарты, мызғымас заңы – тілдік құралдарды жалаң емес шығарманың идеялық мазмұнына қатысты алып талдау керектігі. Бір сөзбен айтқанда тексті тілдік, стилистикалық талдаулардың негізгі мәні көркем шығарманың идеялық – образдық мазмұнын тереңдей түсіну болып табылады.

Проблемалы сұрақтар;

1. Көркем мәтін дегенде нені түсінеміз?
2. Көркем мәтінді тілдік талдау не?
3. Лингвистика не, лингвистикалық талдау дегендегі түсінігің?

2 лекция

М.Өтемісов

Поэзиялық шығармалары

Жоспар

1. Махамбет- азаттық жыршысы
2. Махамбет поэтикасы
3. Махамбет тексттеріндегі лингвистикалық талдауды керек ететін сөздер

Пайдаланатын әдебиеттер;

1. Сыздықова Р. Махамбет өлеңдерін оқығанда. Қазақстан мектебі, 1972ж
2. Ахметов З. О языке казахской поэзии. А, 1983г
3. Өмірәлиев Қ. Махамбет поэзиясындағы философиялық-психологиялық параллелизм. Қазақстан мектебі, 1969ж

Көтеріліс басшысы Исатайдың атынан жырлаған бір өлеңінде Махамбет ақын;

Арманда өтіп кетті деп...

Соңымда бір қалған халқыма

Артымда бір атақ, даңқ қалды – ау ---

дейді. Бұл -- өзі туралы да айтқаны. Махамбет Өтемісұлының халық көтерілісін басқарысып, ел үшін еткен жайында артында даңқ қана қалған жоқ, сол елін, сол көтерілісті жырлаған ақындық сөзі де қалды. Қазіргі ұрпаққа Исатай – Махамбет бастаған азаттық көтерілісінің өзі қандай мәнді болса Махамбет ақынның поэзиясы да сондай бағалы болып отыр. Сондықтан ақынның тұтас өлеңін ғана емес, сол өлеңнің әрбір тармағын, әр бір сөзін дұрыс түсініп оқу -- әрқайсымыздың парызымыз.

Махамбетте әр алуан образ үшін бұл күнде поэтизмге айналған аң - құс атауларын жұмсау – жие қолданған әдістің бірі. Поэтизм дегеніміз көркемдеу үшін, образ жасау үшін қолданылатын сөздермен тұрақты тіркестер, олар өздерінің тура лексикалық мағынасында келмейді, көбінесе көркем шығармада, поэзияда қолданылады. Осындай қызметте ақын тарлан, тарпан, құлан, бұлан, керіскен, қабылан, қу, ақ киік, қарт марал, ақ сұңқар құмай деген сөздерді пайдаланылады. Ақынның “Тарланым” атты шығармасының тексінде : Тауда мұнартып ұшқан тарланым, Саған ұсынсам жетер ме? – деген жолдар бар. Мұнда контексте көрініп тұрғандай, тарлан деп құсты атайды. Әрине, жәй құс емес, қол жетпейтін биікті мекендейтін еркін құс – Исатайдың портретін жасатын образды элементтердің бірі.

Махамбеттің бір өлеңі “Мен құстан туған құмаймын” деп басталады. Бұл жерде құмай- қыран құс пен иттен туған мифологиялық образ деп түсіндіріліп жүр. Ал құмай сөзінің әдеттегі мағынасы-Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің көрсетуі бойынша, 1) тазының ең жүйрік , алғыр түрі; 2) биік , таулы жерлерде мекендейтін ірі жыртқыш құс. Қазақ поэзиясында құмай сөзі ұшқырлықтың, мықтылықтың, алғырлықтың символы ретінде қолданылатын поэтизмдердің бірі.

“Шегініс” деп аталатын өлеңінде Махамбет: Алты күндей алаулап, Он екі күндей ой ойлап- деп толғайды. Мұндағы алаулау сөзі көпшілік оқырмандарға түсініксіздеу, өткені ақын кітаптарында (1962 жылғы басылымында) көрсетілгеніндей, ол сөз «жалындап күйіп – жанып» деген мағынаны білдірмейді.

«Мұнар күн» атты шығармасында ақын : Біздің ер Исатай өлген күн, Он сан байтақ бүлген күн дейді. Бұл тексте қазіргі қалың оқырманға бейтаныстау екі сөз бар: бірі – байтақ , екіншісі – бұлу етістігі . Ақын он сан байтақ бүлген күн деген тұтас фразаны метафоралық мәнде қолданған , яғни Исатай өлген күн – көтерілген елдің бұқара көпшіліктің басына ауыр шақ туған күн дегенді айтып тұр.

3-лекция.

А. Құнанбаевтың поэзиялық шығармалары .

« Жасымда ғылым бар деп ескермедім»

Бұл 14 жолдық шағын өлеңнің барлық сөзі барлық тіркесі сырт карағанда өте түсінікті болып көрінеді . Ал шындығында тексті зер сала үңіле оқыған адамға мұнда да бірнеше сөзге тілдік талдау қажет екендігі байқалады.

Өлеңді бастайтын: Жасымда ғылым бар деп ескермедім - деген жолдағы ғылым сөзі осы күнгі біздің түсінігімізде қолданылып тұр ма? Абай арабтың бұл сөзін екі мағынада пайдаланған: бірі және көбірек жұмсалғаны оқу, білім сөзінің синонимі ретінде келуі, яғни «оқу – білім» ұғымында қолданылуы, екіншісі – бұл сөздің қазақ тіліне енген тура мағынасында, яғни « ғылым» деген жерде қолданылуы.

Сыяз (сяз) – Абай тұсындағы қазақтың әдеби тілінде де, ауыз екі сөйлеу тілінде де актив қолданылған сөздердің бірі.

Кәтелешке – « каталашка» деген орыс сөзінің « қазақша» тұлғасы. Каталашка бұл күнде орыстың сөйлеу тіліне тән көне сөз ретінде танылады, мағынасы – « түрме, арестанттарды қамайтын орын»

Шарға түсу – сайлау процесіндегі актінің атауы, ол да ел басқарудың қазақ даласына келген жаңа тәртіптерімен қоса кірген ұғым.

Лау – Абайдың бұл тексінде сайлау сияқты шараларды өткізуге уақытша қажет көлікті әкімшілік орындарының елге (халыққа) міндет етуін атайтын сөз.

Басы сотқа айналу деген тіркестің жалпы мағынасы түсінікті , өйткені бұл күнде сот сөзі таныс.

4 лекция

«Жаз» және «Қыс» өлеңдеріндегі грамматикалық тұлғалардың қолданылуы.

Жоспар;

- 1.Абайдың табиғат лирикасы жайындағы
2. «Жаз» өлеңінің композициялық-тақырыптық құрылымы
3. «Қыс» өлеңінде грамматикалық тұлғалардың қолданылуы

Әдебиеттер;

- 1.Сыздықова Р.Абай шығармаларының тілі. А,1983ж
- 2.Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. А,1970ж

Жаздыгүнгі қазақ аулының көрінісін суреттеуге арналған « Жаздыгүн шілде болғанда» деп басталатын өлеңді композитциялық – тақырыптық құрылымы жағынан үш бөлікке (лингвистика терминімен айтсақ, тирадағы немесе абзацқа , яғни қазақша шоғырға) бөлуге болады.

Бұл шығарма тексінде көңіл аударатын тілдік құбылыс – етістіктердің тұлғалары. Әдетте сөйлемдегі ойды аяқтайтын (тұжырымдайтын) етістік баяндауыштар тиянақты тұлғада, яғни ашық рай тұлғасында тұруы керек.Жаз – табиғаттың мейлінше активтенген, жадыраған етек – жеңі кеңейген кезі, қимылдың, қозғалыстың, көп процестің кезеңі, сондықтан ақын жаздың суретін динамика арқылы берген.Ал «Қыс» («Ақ киімді, денелі, ақ сақалды» деп басталатын) деген өлеңінің поэтикалық тоны мүлде басқаша.

«Қыс» өлеңінің тексінде көңіл аударатын және бір қызық тілдік қолданыс- мұнда көркемдегіш құралдардың ішінде құбылту (орысша олицетворение деп, ал ғылыми әдебиетте персонификация деп атайды) түрін пайдалануы. Құбылту дегеніміз табиғат құбылыстарына немесе жалпы жансыз заттарға тірі адамның қылығын, қимыл - әрекетін теліп суреттеу ғой.

5 лекция.

«Сегізаяқ» және «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы»

Жоспар:

1. Тақырыптас сөздердің бір тексте үйірмен берілуі.
2. «Сегізаяқ» өлеңінің синтаксистік – композициялық құрылысы.
3. «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңіндегі сөз өнері.

Әдебиеттер:

1. Р.Сыздықова «Абай шығармаларының тілі»
2. Р.Сыздықова «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» Алматы. 1970ж.

Ақын белгілі бір шығармасында қолданылатын сөздерді таңдауда сол сөздердің ең алдымен образды дәл беретін және оқырманның сезіміне әсер ететіндей болуын көздейді. Бұл- аян нәрсе. Бірақ сол әсерлілік, образдылық үшін жеке сөздердің өз бойындағы мағынасы, экспрессивтік боуымен қатар, олардан тыс өзге жағдай шарттар да қажет. Тілді жұмсау тәжірибесінде, әсіресе көркем әдебиетте, сөздер тек бір нәрсені (затты, сынды, қимылды) атап қана қою қызметін атқармайды, айналасындағы басқа сөздерге де қызмет етеді. Демек, сөз белгілі бір мақсатты өтеуі үшін, оның сол текстегі (дәлірек айтсақ, микротекстегі) өзге сөздерге де иек артуы, бір-біріне «қызмет көрсетулері» керек екенін Абай өте жақсы сезінген.

«Сегізаяқ» өлеңін синтаксистік – композициялық құрылысы жағынан талдауға болады. Бұл шығарманың әр шумағы тезис (баяндау) пен антитезистен (қорытындыдан) тұрады, яғни алдыңғы алты тармақ кіріспе-баяндау тәрізді тезис болып келеді де, соңғы екі тармақ (жол) алдыңғы баяндалған ойдың қорытындысы ретінде берілген афоризм (сентенция, мақал іспеттес) болады:

Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ
Күлкішіл кердең наданның
Көп айтса, көнді,
Жұрт айтса, болды
Әдеті надан адамның

Бұл жолда надан адамның сипаты, қылығы, мінезі баяндалады, бұл – тезис.

«Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңінде сөз өнері, ақындық әңгіме болады. Сондықтан бұл шығармада сөз сөзі 15 рет қолданылады, барлығында да сөз- лингвистикалық категория ұғымында емес, яғни әңгіме жеке сөздер туралы емес, «поэзия, сол поэзия арқылы айтылмақ ой» деген мағынада жұмсалған.

6 лекция.

« Қансонарда бүркітші шығады аңға»

Жоспар:

1. Тілдік элементтерді шығарма стиліне орай таңдау.
2. Ақын шығармаларында қолданылатын сөздерді талдау.

Әдебиеттер:

1. Р.Сыздықова. Б.Шалабаев «Көркем текстi лингвистикалық талдау» Алматы. 1987ж.
2. С.Нигимов «Өлең өрiмi» Алматы. 1980ж.

Ақын шығармасында қолданатын сөздерді таңдауда сол шығарманың (өлеңнің) қай жанрда, қай стильде ұсынылуын қатты ескереді. Егер өлең Суреттеу стилінде ұсынылса, оған таңдалынатын сөздік көбнесе көзге көрінетіндей картина беретін сөздерден тұрады. Мысалы, «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңі қазақ поэзиясында суреттеме мәнеріндегі тұңғыш тамаша үлгі болып табылды. Бұл шығарма, «Қансонарда...», «Қартайдық, қайғы ойладық...», «Жігіттер, ойын арзан», «Қалың елім, қазағым...» т.б көптеген өлеңдері сияқты толғаныс емес, немесе «Күлембайға», «Көжекбайға», «Күйісбайға», «Көкбайға», «Оспанға» деген сияқты арнау емес, не портрет емес, белгілі бір картинаны беретін шығарма болғандықтан, ондай өлеңді көбәнесе тыңдап тұшынбай, оқып сүйенетін «көкірегі сезімді, көзі ойлы» адам болатындығын айтады, яғни мұндай өлеңнің әр сөзін бір ойланып, салмақтағанда барып, оның «көлеңкесі оқырманның көкейіне түсіндігін» білдіреді.

«Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ»

(кескіндеу үшін қолданылған тілдік тұлғалар)

Бұл өлең жақсы аттың сыны (кескіндемесі , «портреті») екені аян. Ақынның «қолына бір тимей, ыза қылған» нағыз жақсы заттың түр – тұрпатын, сын - сипатын кескіндеу үшін ақын белгілі бір грамматикалық тұлғаларды актив пайдаланылады. Әдетте қатыстыю сынды білдіретін сөздер –лы (-лі, -ды, -ты, -ті) жұрнағы арөылы жасалатыны мәлім.

Сегіз шумақты өлеңнің ең соңғы жолынан өзгесі түгелімен жақсы аттың сынын («портретін») көрсетеді, ондағы есімдер мен етістіктер біркелкі, бір сипаттағы тұлғалармен келеді. Бұл – ақын шеберлігінің және бір көрінісі болып табылады.

7 лекция

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»

Жоспар:

1. Абай поэзиясының идеясы – поэзияны тани білу.
2. Поэзия – Абай түсінуінде өнер.

Әдебиеттер:

1. Қ.Өміралиев «Қазақ поэзиясы жанры мен стилі» Алматы. 1980ж.
2. Р.Сыздықова «Абай шығармаларының тілі» Алматы. 1983ж.

Шығарманың тақырыбына, идеясына орай жазушы (ақын) образдар іздейді, сол образдарды беретін тілдік құралдарды (сөздерді, фразаларды, тұлғаларды) таңдайды. Көрсетілген өлеңде Абайдың алған тақырыбы – поэзия, идеясы – сол поэзияны тани білу. Осы тақырыбы мен өлең идеясын жүзеге асыру үшін ақын екі түрлі образды алады, бірі – поэзияны, өлең сөзді беретін, екіншісі – сол өлеңді оқитын адамның (оқырманның, тыңдарманның) образы.

Поэзияны Абай өлең, сөз, қызыл тіл, өнер деген сөздермен атайды: Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін; Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар; Есіл өнер қор болып кетер түзге. Қазақ тілінде бұрын да, қазір де өлең деген сөз жалпы « поэзия» деген ұғымды да, «ән» деген ұғымды да білдіреді. Абай да сөзді бүкіл творчествосында осындай екі түрлі семантикамен қолданған. Ал қазақ тілінде сөз сөзінің көп мағынасының бірі «поэзия» екенін жоғарыда айттық. Ақын бұл шығармасында өлең мен сөз тұлғаларын синоним етіп қолданады.

Поэзия – Абай түсінуінде өнер. Оны ақын « есіл өнер» деп бейнелесе. Мұның да мотиві (себебі) бар: түсінетін, түйсінетін оқушысы жоқ поэзия – есіл өнер! Өзгеге пайдасы жоқ поэзия – есіл өнер болмақ!

Келесі образ – сол поэзияның оқушысының образы. Оны беру үшін ақын көкірегі сезімді, тілі орамды жастар, тасыр емес, талапты (жан), көңілінің көзі ашық (адам) , өлеңі бар өнерлі інім деген фразаларды жасайды. Мұның ішінде көңілінің көзі ашық, тілі орамды, тасыр емес, талапты дегендер-тың образдар. Поэзия оқушысының осындай жағымды образының қарама-қарсысына оның жағымсыз типін де береді. Олар; тасыр, мисыз бәңгі, сәнқой, даңғой, керім-кербез т.б. Бұлар поэзия оқушылары емес, оларға өлең жазып қажеті жоқ, бұлар үшін есіл өнер-өлеңді қор қылмай, қызыл тілді қинамау керек деген идея ұсынады ақын. Бұл шығармадағы барлық сөздер-образдар осы идеяны «төңіректейді», соны дәлелдейді, соған бағынады.

8-лекция

Ы.Алтынсарин шығармалары

«Жаз»

Жоспар:

1. «Жаз» өлеңі табиғат көрінісін сурттеуге арналған.
2. Ыбырайдың «Жаз» өлеңінің тақырыбы мен объектісі.

Әдебиеттер:

1. С.Хасанова «Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тілі» Алматы. 1972ж.
2. Б.Шалабаев «Көркем тексті лингвистикалық талдау» Алматы. 1986ж.

Өлең табиғат көрінісін суреттеуге арналған. Сонымен қатар Ыбырай бұл шығармасында Абай сияқты, жаздыгүнгі адамдардың тұрмыс-тіршілігін, hareketін қоса көрсетуді көздейді. Осының барлығын ақын қазақтың «жалпақ

тілімен» берген. Сондықтан мұнда ұшпақ (жұмақ), сәуір (апрель айы), дертке дәрмен, бір малы шаруаның, екеу болды, қыстаудан ауылкөшу, көл бұзылу, көк шығу т.б. сияқты халық тілінде қолданылатын кәнігі сөздер мен тіркестерді көреміз.

Ыбырайдың жаз туралы өлеңі тақырыбы мен сурет объектілері жағынан Абайдың «Жазымен», «Жаздыгүн шілде болғанда» деп басталатын өлеңімен үндес; мұнда да жаздыгүнгі табиғат көрінісі (жер бетін жапқан көкорай шалғын, жайқалған бәйшешек, күркіреп тасыған өзен мен сай, батып бара жатқан күн нұры, жүгірген киік, құлан, қаңқылдаған қаз бен тырна) мен ауыл көрінісі (қыстаудан көшкен ауыл, күлісіп, құшақтасқан жастар, аяғын алшаң басқан түйе, секіріп ойын салған құлын мен тай т.б.) суреттеледі.

«Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесі

Бұл әңгіме тексін зер сала оқығанда, мынадай сөздер мен тіркестерге назар аударып, мағыналарын дұрыс ұғыну керек болады. Отыз үйлі тобыр дегендегі тобыр сөзі бұл күнде «топталып, жиналған халық, адамдардың жиыны» деген жалпы мағынаны білдіретіндігі мәлім. Ал бұрынырақ бұл сөз тоқсан үйлі тобыр деген тәрізді тұрақты тіркестерде келіп, «белгілі бір мотивпен топтасқан «мысалы, рулас адамдардың тобы көпшілік, халық (этникалық топ)» деген нақты ұғымды білдірген.

Әңгіме тексіндегі жұрт ағасы деген тіркес, әрине, бүгінгі оқырман қауымға да өте түсінікті, таныс сөздер, яғни мұны «көпшіліктің басшысы, ақылшысы» дегенді білдіретін тіркес деп дұрыс ұғамыз.

Аға сөзі ертеректе «әскери басшы, қолбасшы» деген терминдік мәнде де қолданылған. Оған батырлар жырларында кездесетін; Батыр жігіт жау бастар, Аға жігіт қол бастар деген жолдар дәлел бола алады. Тіпті күні кешегі Махамбеттің өзі; Сан шерулі қол болса, Батырлар болар ағасы... Исатай деген ағам бар, Ақ кіреуке жағам бар-деп, аға сөзін «қолбасшы, әскери басшы» мағынасында келтіреді.

9 лекция

С.Торайғыров өлеңдері

«Бір адамға»

Жоспар:

1. «Бір адамға» өлеңінің мақсаты.

Әдебиеттер:

1. Р.Сыздықова «Абай шығармаларының тілі» Алматы. 1969ж.
2. З.Ахметов. «О языке казахское поэзий» Алматы. 1970ж.

Бұл өлеңді түсініп оқуды қажет ететін жолдар бар. Өлеңнің 3-4 тармақтарындағы; «Бұрынғы атамызға сыйға берген, Біздерде мынадай бар, мынадай бар» деген сөйлем өлеңнің жалпы мазмұнын (не жайында екенін) білмейтін оқырмағанға түсініксіз болып шығар еді; бұрынғы атамыз деп

тұрғандары кім? Сыйды кім берген, не үшін берген? деген сұрақтар туады.Өлең жазылған кездегі (1914 жыл) оқырман үшін бұл жолдарда автордың қайдағы сыйды, кімнің кімнен сый алғаны сөз болып отырғаны әбден түсінікті.

«Шәкіріт ойы»

Бұл 18 жолдық шағын өлең бастан аяқ символикаға құрылған, сондықтан барлық образ астарлап айтумен берілген; Ыбырай Алтынсариннің сөзімен айтқанда, «өнер-білім бар жұрттардан» кейін қалған қазақ қауымының көгі қараңғы.Шәкіріт оқу-білім арқылы сол қараңғылықты серпілтетін күн болуды ойлайды.Ал күн қызуы надандықтың теңізін кептіріп, тартылдырады.Надандықтың-тартылған теңіздің орнына көк шығады, яғни білім-ғылым тарайды.Мұздаған елдің жүрегі-озат халықтар қатарына қосылуды қалайтын халық арманы.Осы арманды жүзеге асыру үшін білім-ғылым керек, символмен айтса, мұзды ерітетін жылу, күн қызуы керек.Ол күн-шәкіріт.

10 лекция

Б.Майлин

«Қанды кек»

1. «Қанды кек» әңгімесі.
2. «Қанды кек» әңгімесіндегі болыс бейнесі.
3. Әңгіме тіліндегі лексикалық әлеметтерді қолдану.

Әңгіменің тақырыбы-Ұлы Октябрь революциясы қарсаңындағы қазақ ауылы өмірінің бір үзік көрінісі.Патша үкіметінің қазақтан солдат алу жөніндегі жарлығы бұрыннан жинақталған халық наразылығының бұрқ етіп тұтануына себепкер болды.Үлкен дауылдың кішкене бір көрінісі ғана әңгімеге өзек болған.Ел наразылығы асқынып, болысты өлтірумен-«қанды кек» алумен тынады.

Негізгі осы мәселені ашу үстінде автор жол-жөнекей сол тұстағы ауыл өмірінің суретін, ауыл адамдарының мінез-құлқын, салт-дәстүрін, ең арғысы аңғалдығына дейін (тасаттық беру, жалған манапасқа сену) көз алдыңызға жайып салады.Ел суретін беруде жазушы шынайы өмірге тән тілдік бояуларды дәл таңдап алады.

Алғашқы екі сөйлем әңгіменің кіріспесі.Олардың мазмұны кейінгі оқиғалардың беташары.Сондықтан күрделеніп, бірнеше жай сөйлемді болып құрылған.Олардың түсіндірмелі салалас құрмалас болуды да жайдан-жай емес.Алғашқы сөлемдер жалпы ахуалды білдіреді де, соңғылары солардың мәнін саралайды.Ел басына түскен ауыртпалықты алғашқы сөйлемде, негізінен, біріңғай қимыл-сын пысықтауыштар бейнеленсе,екіншісінде ауыр дағдарыстың салмағын әр сөйлемдегі белгісіздік есімдіктерді одан әрі тереңдете түседі.

11 лекция

«Қос шалқар»

Жоспар:

1. «Қос Шалқар» әңгімесі.

Әңгіме сюжеттік-компазициялық үш бөліктен тұрады.Әр бөлімнің мазмұнын құрайтын жайлар-автордың (әңгімеші-автор) Қос Шалқарға үш рет барған кезде көргендері, алған әсерлері.

Алғашқы екі бөлім (олар үшінші бөлімнің ортасына орналасқан) автордың Қос Шалқарды балалық шағындағы көруі туралы, жол-жөнекей соны еске түсіру тұрғысынан баяндалса,үшінші, негізгі бөлімде Қос Шалқардың қазіргі жайы сөз болады.мұнда сюжеттің өрістеуі диалог арқылы жүзеге асады.Әңгіменің мазмұны сұрақ-жауап түрінде беріледі.Сұрақ қоюшы-автор, жауап қайтарушы-кейіпкер (Күсен).Әңгіменің баяндау тәсілінде авторлық комментарийдің де өз орны бар.Бұл кейіпкердің айтқандарын бекітіп, шындығын растайды,қорытады.

Тексте жаңа тұрмыстың жанды бейнесін жасау үшін бейнелі эпитеттер қолданылады; «құйымшағынан май шыққан» (өгіздер), «жегуге әзірленген» (аттар), «әлеңкедей жаланған» (жігіттер), «көйлегін ышқырлығына қыстырып алған» (әйелдер).Бұрын олар-үйінде, ошақ басында «ернін сылпылдатып отыратын» әйелдер.Коллективтік тұрмыстың адамдары қалай өзгерткені осыдан-ақ байқалады.

12 лекция

М.Әуезов

«Қараш-қараш оқиғасы»

Жоспар:

1. «Қараш - қараш» оқиғасы.
2. Жазушы стиліне тәң әуеннің сөйлем құрыстары.
3. Тексте бейнелі сипатқа ие сөз-символдар.

Қысқа-қысқа сегіз бөлімнен тұратын повестің мазмұны кедей жігіт Бақтығұлдың өміріндегі ауыр кезенді бейнелеуге құрылған.Повесть қазақ қоғамының феодалдық дәуіріндегі бай-жуандардың (Сәт, Сәлмен, Жарасбай) кедейге жасаған әлімжетті озбырлығының, есепшіл қулығының, шексіз әділетсіздігінің куәсі іспетті.Оқырманның барлық ынта-ықылыасы кедей жігіт Бақтығұл жағында (тіпті, ол ұрлық жасаса да, кіск өлтірседе), өйткені, ол-адал, еңбекқор, әділет іздеуші ер жігіт.Повестің негізгі идеясы мынау; теңсіздік жайлаған қоғамда әділеттілік болуы мүмкін емес.Үстем тап өкілдерінің бір-бірінен ешқандай айырмасы жоқ.

13 лекция

С.Мұқанов

Ботагөз («Бас кескен балта»)

Жоспар:

1. Ботагөз романы.
2. Романдағы Бүркітбай мен Темірбек тағдыры.

Романның әр бөлімінің атының өзінде символдық мағына бар. Оладың әрқайсысы-әр бөлімнің мазмұнын өз ішіне сыйғызып тұратын жиынтық образ атаулар.

Балта- образ символ. Осы образдың жасалу тарихына көз жүгіртсек, ол алдыңғы тараулардан басталады. Балта иесі Темірбек-Итбайдың бұрынғы жалшысы. Жазушының суреттеуінше Темірбек «Итбайдың ырысы сықылды еді». «Әкесі Байсақал да, баласы Итбай да кіск жалдай жүре, Темірбектей жұмысқа адал, ерінбейтін және мықты жалшыны ұстап көрген емес».

14 лекция М.Әуезов Абай жолы («Қақтығыста»)

Бұл бөлімде суреттелетін жай; Абайдың озбыр топ өкілдерімен енді сөз жүзінде ғана емес, іс үстіндегі бетпе-бет келуі, қақтығысы. Ұзақ уақыт пісіп-жетіліп келген қайшылықтың сыртқа шығуы, жарылуы. Қарама-қарсы топтардың саяси шиеленісінің шешілуі. Зұлымдық пен әділеттіліктің таразы басына түсуі. Оның бір басында Абай бастаған кедей жатақтар, көпшілік халық, екінші басында Тәкежан, Майбасар бастаған бай-жуандар. Бөлімде осы екі топтың қатты ширыққан қақтығысы суреттеледі, шиеленісіп барып, уақытша болса да шешімін табады. Бұдан өзге бөлімде тағы бір ой желісі бар. Ол-екі ұлттың кедей тап өкілдерінің шынайы достығы. Кедей жатақ басына қиын-қыстау күн туғанда орыс крестьяндары еш жалтақтамай көмекке келеді. Сөйтіп, кезекті озбырлықтан, жауыздықтан құтқарып қалады. Осы қақтығыстардың ортасында Абай тұлғасы сомдала түседі. Қақтығыс кімнің кім екенін көрсетіп береді.

Әңгіменің басы оқиға болатын жерді аз-кем таныстырудан басталады да, одан әрі жазушы алда үлкен сыр күтіп тұрғанын бірден білдіреді; «Жақында сол өңірде оқшау бір ойран туды. Бұл оқиға жаңағы Шолпан, Сарадыр жонының арғы бауырында отырған егінші кедей ауылдар үстінде басталады».

Одан әрі кедей жатақ өмірі, сол арқылы кедейліктің бітім-келбеті барынша жеріне жеткізіле суреттеледі. Оның бейнесін беруде автор қолданған өзгеше бір тәсіл бар. Ол-кішкіне балалардың іс-әрекетін, сөйлесуін (диалог) беру арқылы шындықты жеріне жеткізе бейнелеу.

15 лекция Ғ.Мүсірепов «Оянған өлке» романының стилі

«Оянған өлке» романында Ғ.Мүсірепов стилінің ұйымдастырушы орталығы автордың өзі, суреттеліп отырған жайға өзінің қатынасы дер едік. Қай жазушының болмасын, шығармасының дiңгегі автор екені белгілі.

Жазушы өмірге белгілі бір көзқараспен қарайды, оны белгілі бір көзқарас тұрғысынан таниды және соны көркем шығармаларында өзінше бейнелейді. Ғ.Мүсірепов қай шығармасында да тілдік құралдар арқылы өзінің дүниеге терең мәнді жеке, сонымен қатар жалпыға ортақ азаматтық көзқарасын өрнектейді. Авторлық «мен» жасырын, бүркеулі жатпайды. Ол жақсы көретін ашық жақсы көреді, жек көретінін ашық жек көреді, ашық мысқылдайды.

Жазушы үнінің, ой-толғаныстарының берілу жолдары, амал-тәсілдері романда түрліше болып келеді. Олар көлемді де толымды авторлық монологтар, шегіністер, жалпылаушы комментарийлер түрінде беріледі. Жазушының түрлі өмір жәйіттері, ел тағдыры, жақсылық, жамандық т.б. адамдық қасиеттер туралы толғанған ойлары бүтін бір күрделі синтаксистік тұтастықтарды түгел қамтып жатады.

«Оянған өлке» романының көркем құрылысында күрделі синтаксистік тұтастықтар сан алуан құрылымда келіп, жазушының көркем ойларын өзіндік қайталанбас жолмен жеткізуге қызмет етеді. Олардың берілу тәсілі, өзіндік құрылымы Ғ.Мүсірепов стилінің даралық өзгешелігін құрайды.

16 лекция

С.Сейфуллин

«Жер қазғандар»

Шығарманың тақырыбы-совет өкіметі орнағаннан кейінгі алғашқы жылдардағы жұмысшылар өмірі. Қара жердің қыртысын айырып, темір жолдың астына топырақ үйіп, темір табан төсеуге әзірлеп жатқан жұмыскерлердің іс-қимылын суреттей отырып, олардың ішкі дүниесін, арман, мүдде-мақсатын көрсету, басқаша айтқанда, Қазақстандағы алғашқы совет жұмыскерлерінің еңбектегі бейнесін жасау. Портрет жасау үстінде кейіпкерлердің қазіргі келбетін көз алдыңызға келтіре отырып, жазушы олардың өткендегі өмірінен де хабар береді. Егер басқа кейіпкерлердің бұрынғы өмірін 3-4 сөйлеммен қысқы қайырса, Әзімханның бұрынғы өмірін өз аузынан, бөлек әңгіме арқауы етеді.

Шығарманың тақырыптық, идеялық осы ерекшелігі оның тілдік құралдары арқылы көрініс табады. Егер Әзімхан әңгімесінен көрінетін бұрынғы еңбекті суреттеуде жазушы бояуы көлеңкелі, көңілсіз, сұрғылт мағыналы тілдік элементтерді пайдаланса, совет заманындағы еңбекті суреттеуге бояуы ашық, жарқын тілдік элементтерді пайдаланады.

17 лекция

Ш.Мұртазаев

Қызыл жебе (үзінді)

«Қызыл жебе» романының бірінші кітабынан алынған бұл үзіндіде Саймасай болыстың жаңадан айттырған жас тоқалы Нүкетай сұлуды алып қайтуға қайынатасының еліне баруы, одан қайту сапары және жол үстінде Рысқұл оғынан мерт болу сәті бейнеленген. Үзіндінің соңғы бөлігінде қашқын Рысқұлдың арпалысқан ішкі ой толғанысы, сезім сапырылысы беріледі.

Романның жалпы композициялық-сюжеттік желісінде де өзіндік ерекшеліктері бар. Үзіндіде аңыз, түс, елес сияқты символдық мәнге ие тәсілдер енгізілген. Олар басқа да тәсілдермен бірлікте жазушының алдына қойған мақсатына қызмет етеді. Жалпы символдың романда үлкен роль атқаратынын ескеру керек.

Текст тілінің көркем-образды құрылысы да өз ішіне бірнеше компоненттерді біріктіреді. Саймасайдың «қалыңдығын» алуға келіп жатқан көріністі бейнелеуге қызмет ететін тілдік тәсілдерге назар аударайық. Сырттай алғанда асып-төгілген қуаныш, бай салтанат бейнеленеді. Оған табиғат та үн қосқандай.